

**Ата – аналарды педагогикалық
қолдау мектебі
«Даналық мектеп»**



ПРИКАЗ

030018, Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы,
Ақжар 2, Қ.Мұхамедиянов 20
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

030018, Ақтөбінская область, город Актобе,
Ақжар 2, К.Мухамедиянова 20
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

« 11 » қазан

2023 ж

№ 82

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің 2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес

Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;

2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қ.Б.Куркембаева, Ә.Т.Әминыдинов бекітілсін;

3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы педагог ұйымдастырушы Г.Ғалымова, қосымша білім беру педагогы Д.С. Сапар әлеуметтік педагог А.А. Жұмиханова, мектеп психологі Б.А.Куккузова, 1-11 сынып жетекшілеріне жүктелсін;

4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын;

5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.

Жас ерекшеліктеріне байланысты бағдарламаны жүзеге асыру жауапты тұлғаларға бекітілсін;

- ✓ 1-2 сыныптар бойынша – Қ.Б.Куркембаева; сынып жетекшілері;
- ✓ 3-4 сыныптар бойынша – А.Қ.Ешмағамбетова; сынып жетекшілері;
- ✓ 5-6 сыныптар бойынша – С.С.Махашова; сынып жетекшілері;
- ✓ 7-8 сыныптар бойынша – А.Н.Ыбыраева; сынып жетекшілері;
- ✓ 9 сыныптар бойынша – А.Ш.Оралбаева; сынып жетекшілері;
- ✓ 10-11 сыныптар бойынша – Ә.Т.Әминыдинов; сынып жетекшілері;

6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың ақпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау Ж.Н.Орынбаевқа жүктелсін;

7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.

7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жемелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін;

7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі «Асыл әкелер» ансамблі жетекшісі, ата-ана Д.Т. Джалмағамбетоваға бекітілсін;

7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын.

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Б.Куркембаеваға жүктелсін;

Мектеп директоры

А.Қ.Ешмағамбетова



КАЗАХСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
АКТӨБЕ ОБЛЫСЫ
«АКТӨБЕ ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ
«№45 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН
ОРТА МЕКТЕП»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ
БҮЙРЫҚ



РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
АКТЮБИНСКАЯ ОБЛАСТЬ
ГУ «ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ ГОРОДА АКТОБЕ»
КОММУНАЛЬНОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
УЧРЕЖДЕНИЯ «ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ
СРЕДНЯЯ ШКОЛА №45»

ПРИКАЗ

030018, Актөбе облысы, Актөбе қаласы,
Ақсар 2, К.Мұхамеджанов 20
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

030018, Актюбинская область, город Актобе,
Ақсар 2, К.Мухамеджанов 20
тел/факс: 8 (7132) 44-33-02

« 11 » қазан 2023 ж № 78

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығын құру туралы

«Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КеАҚ Ғылыми-әдістемелік Кеңесінің
2023 жылғы 15 тамыздағы № 4 хаттамасына сәйкес

Бұйырамын:

1. Мектептің ата-аналар қауымдастығымен өзара іс-қимылын нығайту мақсатында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы құрылсын;

2. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жетекшілігіне директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары Қ.Б.Куркембаева, Ө.Т.Әмирядинов бекітілсін;

3. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы бағдарламасының жүзеге асырылуы педагог ұйымдастырушы Г.Ғалымова, қосымша білім беру педагогы Д.С. Сапар әлеуметтік педагог А.А. Жұмаханова, мектеп психологі Б.А.Куккузова, I-II сынып жетекшілеріне жүктелсін;

4. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының жұмысын жоспарлауда ата-аналарға педагогикалық қолдау бойынша әдістемелік ұсынымдағы № 1 қосымша «Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы» негізге алынсын;

5. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының бағдарламасына сәйкес ата-аналарға арналған оқыту кестесі құрылсын.

6. Ата-аналармен өткізілген іс-шаралардың акпаратын әлеуметтік желілерге, БАҚ жариялау Ж.Н.Орынбаевқа жүктелсін;

7. «Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығы жанынан «Даналық» мектебі құрылсын.

7.1. «Даналық» мектебінің жұмыс барысында «Аталар, әкелер, ағалар» және «Әжелер, аналар, жеткелер» ақыл-кеңес, үлгісі енгізілсін;

7.2. «Даналық» мектебінің жетекшілігі «Асыл әжелер» ансамблі жетекшісі, ата-ана Д.Т. Джалмағамбетоваға бекітілсін;

7.3. «Даналық» мектебінің жұмыс жоспары құрылсын;

8. Осы бұйрықтың орындалуын қадағалау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қ.Б.Куркембаеваға жүктелсін;

Мектеп директоры



Д.К.Ешмағамбетова

Анықтама

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламасы аясында өткен ата-аналар жиналысы

Күні:	16.01.2024ж
Тақырыбы:	«Ата-ана өмірінің басты мақсаты бақытты адам тәрбиелеу».
Мақсаты:	1. Ата - ананың өмірге деген көзқарасын өзгерту. 2. Ата - аналарды балаларға жауапкершілікпен қарауға шақыру. 3. Баланың бүгінгі істеген қадамы ертеңгі тұлға ретінде қалыптасуына үлкен әсер ететінін атап өту.
Өтетін орны:	№5 кабинет
Қатысушылар:	1-2 сынып ата-аналары

Жиналыстың өту барысы:

Ұйымдастыру бөлімі	Жұмыстар түрі	Ресурстар
І.Кіріспе. Жүргізуші: Алданова Ә.А	Келген ата-аналарды қарсы алу. Қыма қағаздар арқылы топқа бөлу. Психологиялық тренинг: Енді ата-аналар, “Табиғатсыз адамдардың күні жоқ, оны айтуға табиғаттың тілі жоқ ” демекші адам табиғатпен тығыз байланысты табиғаттағы ең маңызды нәрсе ағаш, енді сол ағаштың несі болар едіңіз тамыры ма, әлде діңі ме, әлде жапырағы ма? Әркім өз қызуы бойынша тамыр жапырақ,діңі болып бөлінеді. Менің таңдауым-...,себебі  Істің нәтижесіне мән беретін жандар.  Берік,мықты біреуге тіреу бола алатын жандар.  Сұлулықты,әсемдікті,ұқықтылықты қалайтын жандар. Осы ағаштың тамыры-ата-ана, діңгегі-мұғалім, жапырағы-балаларымыз. Егер тамырдан нәр алып, діңгегі мықты болып, бұтағы жапырағын жайса ағашымыз жемісін береді.	   

Куркембаева
Курманай
Базарбайқызы

Ата-аналарға тапсырма беріліп,әр топ постер қорғады.
Ситуациялық сұрақтарға жауап берді.
«Екі жұлдыз,бір-тілек» әдісі арқылы
1-2 класс ата-аналары өз ойларын білдіріп,бала
тәрбиесінде тәжірибе бөлісіп,Емжат ағамыз ұстаздар
қауымына тілегін,мектебімізге алғысын білдірді.



“Әр балаға осынау тұрақсыз әрі өзгермелі әлемде ең
дауыл құйын шайқай алмайтын ішкі тірегінің
қалыптасуына сіз бен біз болып ықпал жасайық” деп
Курманай Базарбаевна қорытындылады.

<https://www.instagram.com/reel/C2MSEcfMehA/?igsh=ZjhvbTdlezZ5cDUw>



Негізгі бөлім
Суликанова К.

«Таным қуанышы: баланың қызыға оқуына қалай көмектесеміз?»
тақырыбында танымдық сабақ өткізілді.
Мақсаты: мектептің оқу процесіне сәтті бейімделуі үшін балалардың когнитивтік дағдыларын дамытуға ата-аналардың дайындығын қалыптастыру.
Танымдық сабақта ата-аналар баланың бейімделуіне назар аударып, қандай қолдау көрсете алатындығы жайлы ойларын ортаға салып, пікірлерімен бөлісті. Бала тәрбиесіндегі атқарылатын жұмыстың барлығында алдымен отбасының, одан кейін мектептің алар орны бөлек екендігіне тоқталып, пікірлерін білдірді. Ата-аналарға логикалық тапсырмалар беріліп, аса қызығушылықпен орындады.



Қорытынды бөлім
Директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

«Әрбір бала-жарық жұлдыз»
Мақсаты: Ата-аналардың темпераментін, мәдени дәстүрлерді және мұғалімдермен өзара әрекеттесу мүмкіндіктерін ескере отырып, өз баласының ерекше қырларын ашуға дайындығын қалыптастыру, рухани құндылықты дамыту.

Қазақстан Республикасының Оқу -ағарту министрлігінің тапсырысымен ағымдағы оқу жылынан бастап барлық білім беру ұйымдарында “ Біртұтас тәрбие” бағдарламасын жүзеге асыру мақсатында мектебімізде ата-аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында “Даналық мектебі” құрылды.

Клуб қызметінің үйлестірушісі болып зейнеткер - ұстаз Джалмағамбетова Дәмнүл Тайшыққызы тағайындалды.



https://www.instagram.com/p/CyPgmQBIVkM/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

2023 - 2024 оқу жылында “Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты” бастамасымен орта білім беру ұйымдарындағы балаларды тәрбиелеу мен дамыту жөніндегі ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы өз жұмысын бастаған болатын. Орталықтың жұмыс жоспарына сәйкес мектебімізде орталықтың “Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту” тақырыбында кезекті отырысы өткізілді. 9 “А” және 9“Ә” класс ата - аналарымен: - жасөспірім шақтағы баланың көңіл күйі; - жасөспірім шақтағы баламен тіл табысу; - баланың жеке шекарасы тақырыбында директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Оралбаева А.Ш, 9 класс жетекшілері Баймуканова Л.М, Абылайқызы Ә ой қозғады. Отырыс барысында ата - аналар баланың қазіргі таңдағы мінездері мен қиыншылықтары жөнінде постер қорғап, сұрақтарға жауап берді. Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаев : “... әлемде балалардың бақыты мен күлкісінен маңызды ештеңе жоқ.” - дегендей, бақытты шақтағы балаларымыз көп болсын.



**“Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас
дағдыларын дамыту”
Ата-аналар жиналысы**

Кез-келген елдегі жағдайдың шынайы өлшемі – балаларға қаншалықты қамқорлық жасалуы, олардың денсаулығы мен қорғалуы, материалдық әл-ауқаты, білімі және әлеуметтенуі. 2022 жылы Халықаралық балаларды қорғау күніне орайластырылған сөзінде Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаев мемлекеттік саясаттың балалық шақты қолдауды басты назарда ұстайтынын атап өтті: «... әлемде балалардың бақыты мен күлкісінен маңызды ештеңе жоқ. Өскелең ұрпақтың жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдайлар жасау әрқашан біздің мемлекетіміздің басты міндеттерінің бірі болды». Балалардың әл-ауқатын қамтамасыз етуде отбасы мен мектептің өзара әрекеттесуінің тиімді жолдарын анықтау ата-аналардың білімге қатысуын кеңейтудің заманауи тұжырымдамаларына көмектеседі.

2023-2024 оқу жылынан бастап мектебімізде ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы (бұдан әрі – Орталық) жұмыс жасап келеді. Орталық ата-аналар қоғамдастығының өкілдерін, отбасылық және қоғамдық тәрбие байланысына мүдделі әкімшілік және педагогикалық қызметкерлерді біріктіреді.

Орталықтың қызметі позитивті ата-ана мәдениетін арттыру арқылы балалардың қауіпсіздігін, денсаулығын және психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз етуге арналған.

Ата-аналарды педагогикалық қолдау бағдарламаларының мазмұны ұлттық құндылықтарға, балалар әл-ауқатының теориялық негіздеріне сүйенеді, олардың жас ерекшеліктерін ескереді.

«Ата-аналарды педагогикалық қолдау» орталығының «Даналық мектеп» жобасы аясында қаңтар айының 17-і күні 5-6 сынып жетекшілері: Туретова Д.Т, Шабанова А.А, Қыдырәлиева Ә.Е, Сапар Д.С және 5-6 сынып ата-аналарымен “Жасөспірімнің отбасындағы қарым-қатынас дағдыларын дамыту” тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді.

Жиналыс барысында алдымен ата-аналардан “Отбасы қарым-қатынас” тақырыбында сауалнама алынып, сауалнама нәтижелерімен таныстырылды. “Жасөспірім жауапкершілігі”

тақырыбында бейнеролик көрсетіліп, тақырып төңірегінде өз ойларын талқыға салып, жиналыстың негізгі тақырыбы ашылды. Көрсетілген бейнеролик бойынша ата-аналарға отбасындағы бала тәрбиесі мен жасөспірімнің араласатын ортасының әсері туралы түрлі сұрақтар қойылып, кері байланыс алынды.

Адамзатты тәрбиелеу өте ұзақ және күрделі процесс. Жеке бастың қалыптасуы, оның рухани жағынан дамуы бала кезден бастау алады. Жас шыбық иілуге қандай икем болса, бала да тәрбиені қабылдауға сондай бейім. Отбасы тұлға қалыптастырушы бесік. “Азамат қалыптастырамын десең, бесігіңді түзе” – деп, ұлы ғұлама М.Әуезов бекер айтпаған.

Анықтама жазған:



Оқу ісі жөніндегі орынбасары
С.Махашова

« Жасөспірім мен ата – ана қарым қатынасы »

Осынау өтпелі кезеңде жасөспірімнің алдынан көптеген таңдаулар шығады. Дос таңдау, жол таңдау, мамандық таңдау, мінезін қалыптастыру секілді таңдауларды басынан кешеді. Осылардың барлығында жасөспірімге ақыл-кеңес айтатын ата-анасының, мұғалімнің немесе айналасындағылардың көмегі міндетті түрде қажет. Арман – ойын бөлісіп, сыр шертісетін жан табылмаған жағдайда баланың үлкен қателік жіберуі де ғажап емес. Жасөспірімдер тәрбиесі не қиын?

Жасөспірімнің әкелер қиындығы мен жұқартар жүйкесі жетіп артылады. Ересектер кейде: «Біздің бала кейінгі кезде тындағанды қойды, бұзылды, сабағы нашарлап кетті, мұғалімдері де әбден шаршады...» деп жатады. Екі жақтың да жүйкесі жұқарған, баланың өзі де оңып тұрған жоқ: басы салбыраған, жанары сөнген, бәріне де өкпелі, ашулы... Неге солай болды? Бәрі де тек жақсы болсын деп еді ғой. Ал гәп бала мінез-құлқының осыншалықты бұзылуының себебі тереңде жатыр және оған ересектер де, баланың өзі де үніліп жатқан жоқ. Әсіресе мынаны түсіну керек (және ол оңай емес), оны басшылыққа алу керек – «қиын» балалар қатарына әдетте нашарлар емес, аса сезімтал және көңілі қалғыш балалар түсіп кетеді. Олар басқа құрбыларына қарағанда тұрмыстың түйткілдері мен қиындықтарын бұрынырақ сезіп, солардың әсерінен «жолдан тайып» жатады.

Сондықтан оларды ұрсып, бетіне басқанның орнына тек көмектесу керек. Балалардың мінез-құлқының бұзылуына не себеп? Бірінші себеп – назар үшін күрес. Балалар қалыпты жағдайда өсіп, көңіл-күйі жайлы болу үшін ата-аналарының қажетті назарына үнемі ие бола бермейді. Қазіргі ата-аналардың уақыты жоқ және «олармен шұғылдануды» міндет деп санамайды. Сол себепті бала: «Тамағыңды іштің бе?», «Қыдырып келдің бе?», «Сабағыңды қарадың ба?» дегеннен басқа сауал естімейді де. Егер бәрі дұрыс болса, бала өз ой-арманымен, мүмкін қиындықтарымен өзі қалады, оған ешкім назар аудармайды. Ал балалардың ата-ана немқұрайлылығымен келісе қоюы оңай емес. Анасына

немесе әкесіне «бірге отыруға», «бірге ойнауға», «бірге қыдыруға» тілек айтса, ол тілегі орындалмай жатады. Міне, сол кезде ол өзіне назар аудартудың басқа тәсілін: тындамауды таңдайды. Біресе сабақ оқудың орнына телевизор көрсе, біресе киімін ілмейді немесе магнитофонды бар дауысымен бақыртып қояды. Ата-аналар болса ашуланып, « тағы да ма...», «Саған қанша айту керек...» деген сияқты сұрақтарды жаудыртады. Екінші себеп – «жеңіс» үшін күрес. Еркіндігі, өзін - өзі басқару құқы шектелген бала ата-аналарынан асып түсуге тырысады. Әсіресе қатынас құралы нұсқау, ұрсу және күмәндану болған жерде сондай сезім туындайды. Ата-аналар бәрін дұрыс істедім деп ойлайды: өйткені, бала бойына жақсы әдетті сіңіріп, тәртіпке шақыру, қателіктерін ескерту керек ғой. Ол дұрыс әрине, бірақ мәселе соны қалай істеу керектігінде. Егер ескертулер мен кеңестер тым жиі болса,



Отбасы-бақыт мекені” ата-аналарды қолдау мектебінің ұйымдастыру іс-шараларының аясында 8”А”,”8”Ә” класс ер балаларымен “Әке көрген оқ жанар” тақырыбында Әкелер мен кездесу ұйымдастырылды. Мақсаты: Әкелеріміздің бойындағы ерекше талантты балалаларға үлгі ретінде мақтанышпен көрсету және балаларды сол өнерге баулу. Әкелер аса белсенділікпен қатысып, бойларындағы ерекше өнерлерін ортаға салды, әкелеріміздің көз сүйсінер өнерлеріне оқушылар тәнті болып алғыстарын білдіріп,тілектерін айтты. Алдағы уақытта “Әкелер мектебінің” жұмыстарына сәттілік тілейміз.



“Отбасы-бақыт мекені” ата-аналарды қолдау мектебін ұйымдастыру іс-шараларының аясында 9 “А”-9”Ә” кластарының ұйымдастыруымен “Сырласайық жеңеше” тақырыбында жеңгелермен сырласу шарасын ұйымдастырды. Мақсаты: Жеңге мен қайын сіңлі арасындағы өзара сыйластықты, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайтып, Халқымыздың бойына ғасырлап сіңген ұлттық мінез, ұлттық тәрбие, жақсы дәстүрімізді жаңғыртып, ұлағатты қасиеттерді сіңіріп, үлгі - өнеге алуға, ар тазалығын жоғары ұстайтын қылықты қыз тәрбиелеу. Шара барысында жеңгелер қыздарға шаш күту туралы ақыл-кеңестерін беріп ұзын шаштарды өру жолдарын көрсетті. Өнерлі жеңгелеріміз тоқу, тігу түрлерін көрсетіп қыздарды қолөнерге баулыды. Қазіргі кезде мобилография, гипстен түрлі формалар жасаудың алғашқы жолдарымен таныстырды. Әрине әр қыз бала ас әзірлей білу керек. Осы жағынан да қыздарға қазіргі заманауи салаттарды жасауын үйретті. Шара өз мақсатына жетіп, қыздар керемет әсер алып өздерін қызықтырған сұрақтарына жауап алып алғысын білдірді.



https://www.instagram.com/reel/C0CMptqMull/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRlODBiNWFlZA==

Ата-аналарды қолдау орталығының «Даналық мектеп жобасы» аясында, «Сырлы жеңге, сұлу қыз» 8-11 сынып қыздары жеңгелерімен қатыса алады.

Байқаудың мақсаты мен міндеттері:

Қазақ қыздарына тән инабаттылық, имандылық, әдептілік, арлылыққа тәрбиелеуде жеңгелердің алатын орны ерекше; Ұлттық-салт-дәстүрді қадірлеуге, туыстық қарым-қатынас пен отбасылық тәрбиенің үздік үлгілерін насихаттау барысында жеңге мен қайын сіңілінің алар орны мен ролін ұғынуға тәрбиелеу. Жеңге мен қайын сіңілінің арасындағы өзара сыйластық, бір-біріне деген сүйіспеншілікті нығайту барысындағы тәрбиені одан әрі дамыту мен қазақ салт-дәстүрін құрметтей білуге үйрету.

9”А”, 9 “Ә” класс оқушысылары Жахина Замира, Нұржанқызы Жанеркенің жеңгелері құрбы секілді. Жас та болса жеңгесілері білмегенін үйретіп, сырласы бола білген. Жүздері жылы, көңілдері кең жеңгелеріміз аман болсын



https://www.instagram.com/reel/C11pH6sJwD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA==

https://www.instagram.com/reel/C14BrWMMUsG/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFiZA=

Ата-аналарды қолдау орталығының «Даналық мектеп жобасы» аясында, «Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіңе сен» атты қысқы демалыс уақытында ұйымдастырылған шара. Балаларға отбасының ұйтқысы, негізгі тірегі әке екенін, әкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Бала мен әке арасындағы тығыз әрі ыстық байланысты ұғындыру. Отбасындағы әке орнын, рөлін көрсете отырып, халықтық тәрбие негіздеріне тоқталу; Оқушыларды үлкендерді сыйлауға, әкені пір тұтуға, адамгершілікке, әке мен ер азамат ұғымының мәнін ұғынуға тәрбиелеу.

1 “А” сынып оқушысы Аманғара Әлишер, 3 “Ә” сынып оқушысы Көшербаев Алихан, 2”Б” сынып білім алушысы Жұмахан Есен, 2“Ә” сынып оқушысы Серікқали Еркеназ.



https://www.instagram.com/reel/C1xD7oMsNAt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C13X_s4IzQX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1q6mTKslBX/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

https://www.instagram.com/reel/C1rjReYMrX8/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Ата-аналарды қолдау орталығының «Даналық мектеп жобасы» аясында, «Ана, әже және мен» атты қысқы демалыс уақытында ұйымдастырылған шара.

Қазақ халқының патриоттық, мәдени-тарихи дәстүрлеріне, этикасына баулу, Оқушылардың танымдық қызығушылықтарын, шығармашылық қабілеттері мен адамгершілік құндылықтарын дамытуға ықпал ету.

Жанұядағы әже мен немере, ана мен бала арасындағы қарым – қатынасты нығайту. Әжеге деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру. Мейірімді болуға, ата – ананы құрметтей білуге тәрбиелеу. Қазақтың салт - дәстүр, әдет - ғұрыптарын бойға сіңіру. Өнерлерін ортаға салу.

5 «А», 5 «Ә» сынып оқушылары Сүйінғара Аиша анасы Боранкулова Айгерим, Кеңесова Айкөркем анасы Танибергеннова Гүлмира бірге уақыттарын тиімді өткізіп, ас даярлап, қолөнермен айналысып өзгелерге үлгі болуда.



https://www.instagram.com/reel/C16CIIm_InEk/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C1q7HWPMiZt/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Ақтөбе қаласының 155 жылдығына орай, біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында, ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының жоспары бойынша 1-4 сынып ата-аналары арасында «ЗАМАНАУИ АТА - АНА ҰСТАНЫМЫ...» тақырыбында ұлттық құндылықтарға негізделген тимбилдингте өткізілді.

Мақсаты: әкелер, аналар мектебінің байланысын, класс ата-аналарының ынтымақтастығын нығайту; Ата-аналар арасындағы өзара сенім, сыйластық орнауына ықпал ету. Тимбилдингке бастауыш сынып ата-аналары арасынан 1 сынып – 6 ата-ана, 2 сынып- 6 ата-ана, 3 сынып – 6 ата-ана, 4 сынып – 6 ата-анадан құралған белсенді ата-аналардан құралған 4 командалар қатыстып, бағдарламада көрсетілген тапсырмалар бойынша бақтарын сынады. Тимбилдингке мектеп психологы Б.А.Куккузова, логопед-дефектолог А.А.Жұмақанова, музыка пәнінің мұғалімі Д.Туретова, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері Т.А.Муқыжанов, әскери дайындық жетекшісі Т.Б.Ахметов, бес асық, бес табан ұлттық ойынды насихаттау М.Н.Сәндіғалиева, мектеп кітапханашысы А.Қ.Амирова, мамандар өз кабинеттерінде 3-4 түрлі тапсырмалар дайындады. Ата-аналар әр кабинеттен тапсырмалар орындап, алған балдары бойынша арнайы орындарға ие болды. Қызықтыда тартысты өткізілген тимбилдингте қатысушылар топпен бірлесе, мектебіміздің мамандары дайындаған тапсырмаларды орындап белсенділік танытып, мектеп директорының дипломымен марапатталды. Тимбилдингке атсалысқан ата-аналарға мектеп әкімшілігі атынан алғыс білдіреміз!

[https://www.instagram.com/p/C3o-](https://www.instagram.com/p/C3o-2sus1dM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)

[2sus1dM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/C3o-2sus1dM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWF1ZA==)





https://www.instagram.com/p/C3o-2sus1dM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

20-Наурыз “Ұлттық спорт”күніне орай 3,6,10 сынып ер балалары арасында ұлттық ойындардан сайыс өтті. Оқушылар қол күрестен,Арқан тартыстан,гір көтеруден,ләңгі тебуден жарысты. Оқушылар керемет қызығушылықпен ат салысты. Ұйымдастырушылар:Дене шынықтыру пәні мұғалімдері.



https://www.instagram.com/reel/C41nyw3IhD5/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA

“Шаңырақ”күніне орай 2,3 ‘Б”сыныптарының аталары наурыз күніне арнапған баталарын берді.

Шаңырақ-отбасының тұрақтылығы мен ұрпақтың жалғасуының “Адал азамат”рухында ұрпақ тәрбиелеудің символы.

Мақсаты: Ұлттық рухани және отбасылық

құндылықтарды насихаттау.Сынып жетекшісі:Кушмагамбетова Г.З;
К.Т.Суликанова; Каменова Ш.А

https://www.instagram.com/reel/C4pEQBMow9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4pEQBMow9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/p/C4pyBTLsK9J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4rZL2mo-lc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

https://www.instagram.com/reel/C4rZL2mo-lc/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



Бата - ұлттық тәлім- тәрбие бастауы





24 қараша 2023 жылы «Отбасы-бақыт мекені» ата-аналарды қолдау мектебін ұйымдастыру іс-шараларының аясында 10-11 класс оқушылары «Жігітке жеті өнер де аз» ағалар мектебіне ұлттық ойындарды өткізді.

Мақсаты: ұлттық ойындарды насихаттау, ұлттық мұраны сақтау және дамыту.

Шара барысында «Бес табан», «Қол күрес», «Арқан тартыс», «Гір көтеру» ойындары ойнатылды.

Жігіттер аға буын мен кіші буын арасында жағымды орта қалыптасып, белсенділік танытып, өз күштерін сынап көрді.

Алдағы уақытта «Ағалар мектебінің» жұмыстарына сәттілік тілейміз.

Жауапты: Д.М.Джолдасбаева, Ә.Т.Әмиядинов

2023-2024 оқу жылында тәрбие саласының ата – аналарды педагогикалық қолдау мектебі "Даналық мектеп" бойынша жоспарлы жұмыстар өз уақытында нәтижелі жүргізілді. "Даналық мектеп" бойынша білім алушылар бойына ұлттық құндылықтарды дарыту мақсатындағы жұмыс оң нәтиже берді.